**"Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 264 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 10 қазандағы № 837 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 264 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында:

реттік нөмірлері 26, 27, 28, 29, 30, 31 және 32-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 26 | Азаматтық құқықтар объектілерінің құқықтық табиғаты мен сыныптамасын айқындау және олардың құқықтық режимін нақтылау, " талап ету құқығы" және "зияткерлік меншік құқығы" сияқты объектілердің осы сыныптамадағы орнын айқындау | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2027 жылғы желтоқсан | Әділетмині, РАА ( келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар |
| 27 | Жеке құқық субъектілеріне тиесілі азаматтық құқықтардың алуан түрлілігін ескере отырып заңнаманы жетілдіру, оның ішінде заңды тұлғалар мен мемлекетке тиесілі құқықтардың тізбесін басқа да заттық және міндеттемелік | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2027 жылғы желтоқсан | Әділетмині, " Атамекен" ҰКП ( келісу бойынша), РАА (келісу |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | құқықтармен, сондай-ақ мүліктік емес, айрықша құқықтармен, мұрагерлік құқығымен және өзге де мүліктік құқықтармен толықтыру | | | бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар |
| 28 | Иелену, иелену мерзімі және негаторлық талап қою туралы нормаларды жетілдіру | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2027 жылғы желтоқсан | Әділетмині, ЖС (келісу бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), РАА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар |
| 29 | Талап мерзімі институтын жетілдіру | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2027 жылғы желтоқсан | Әділетмині, ЖС (келісу бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), РАА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар |
| 30 | Смарт-келісімшарттар және электрондық коммерция (e-commerce) туралы заңнаманы жетілдіру | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2027 жылғы желтоқсан | Әділетмині, РАА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар |
| 31 | Материалдық емес (моральдық) зиянды өтеу институтын қолдану салаларын, оны өтеу шарттарын, сондай-ақ оның мөлшерін айқындау | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2027 жылғы желтоқсан | Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар |
| 32 | Жеке қатынастарды реттеудің жария-құқықтық әдістерінің негізсіз басымдығын жою жөніндегі тетіктерді әзірлеу | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2027 жылғы желтоқсан | Әділетмині, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), РАА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар |

";

реттік нөмірлері 35, 36, 37 және 38-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 35 | Азаматтық кодекске азаматтық құқықтар мен міндеттердің пайда болуының, өзгеруінің және тоқтатылуының дербес негіздері ретінде заңды тұлғалардың жиналыстары мен алқалы басқару органдарының шешімдері туралы ереже бөлігінде өзгерістер енгізу | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2027 жылғы желтоқсан | Әділетмині, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), РАА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар |
| 36 | Корпоративтік лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі туралы нормаларды дамыту | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2027 жылғы желтоқсан | Әділетмині, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), РАА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар |
| 37 | Заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыруды және құқықтық мирасқорлық мәселелерін регламенттейтін, оның ішінде коммерциялық заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру нысандары, сондай-ақ қайта ұйымдастырудың кешенді нысандарын жүзеге асырудың шарттары мен тәртібін реттеу бөлігінде азаматтық заңнаманы реформалау | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2027 жылғы желтоқсан | Әділетмині, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), РАА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар |
| 38 | Корпоративтік басқарудың озық практикасының ұсынымдары мен стандарттары негізінде корпоративтік заңнаманы жаңғырту | Қазақстан Республикасы Заңының жобасы | 2027 жылғы желтоқсан | Әділетмині, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), РАА (келісу бойынша), мүдделі мемлекеттік органдар |

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *О. Бектенов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК